



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Взаимодействие между этими группами источников в данной работе формируется, главным образом, за счет работ искусствоведческой, культурологической, семиотической, психологической и социологической направленности.

Визуальная рекламная графика в городском пространстве в своем художественно-образном выражении опирается на опыт, имеющийся в таком достаточно исследованном современным искусствоведением направлении, как графический дизайн афиш и плакатов.



Рис. 7. Примеры интерактивных сенсорных аналогов

На сегодняшний день активно начали использовать различные аналоги рекламных продуктов в городской среде, таких как бегущая строка, плазменные дисплеи и интерактивные информационные сенсорные панели.

Изучив ряд источников, мы пришли к выводу, что исследований, посвященных собственно художественным стилям наружной рекламы, не так много. Опыт показал, что практически все авторы, анализирующие историю рекламы, в первую очередь опираются на материалы графического исполнения, к истории возникновения самой рекламы как части печатных изданий и соответственно выполнялись в тех художественных стилях, что и другие произведения графики той эпохи в котором они были созданы.

Афиши, плакаты и вывески тех времен являлись предтечами видов современной рекламы, которых мы знаем. А современные аналоги хотя перетерпели значительные изменения в технологическом плане, по сути и по художественным характеристикам остались прежними. В настоящее время идет переосмысления исторических этапов развития художественных стилей рекламных плакатов, как традиционных, так и современных.

Список использованных источников

1. Большая советская энциклопедия. – М.: Наука. 3-том. – С. 123.
2. Википедия. Интернет-справочник.
3. Лебедев А. Ководство. – М.: Студия Артемиа Лебедева, 2013. 532 с.
4. Бегимбай К.М. Графикалык дизайн. Учебное пособие. -Алматы, Эверо, 2013.174 с.
5. История русского и советского искусства. Под ред. Д. В. Сарабьянова. Высшая школа, 1979. С. 336.

УДК 7.067

ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА ҚОҒАМДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӨНЕРДІҢ ӘСЕРІ

Нургалиева Рабига Даировна

rabiga.nurgaliyeva@yandex.ru

Өнер магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, Астана, Қазақстан

Заманауи өнердің өзекті мәселелері. Адамның өзін-өзі танып, білуі және өзін-өзі дамытатын ең маңызды тетігі сияқты, мәдениеттегі және өнердегі рөлі қоғамда постмодерннің өсуіне себепші болады, оның қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуі, адамдардың жеке және ұжымдағы болмысының ерекше құндылықтарын саралап, талдау және шыққан нәтижені таңдай білу әдісі, осы мағлұматтарды жинақтап, ұғыну және меңгеру құралы сияқты. Өнер түрінде осы құндылықтарды заттарға алмастыру жолындағы өзектілігі.

Өнер сонымен қатар ауыстыруға болмайтын, таптырмайтын және көптеген маңызды, қоғамдағы жеке тұлғаның қатысуымен, оның қоғам үшін бар болмысы мен эстетикалық құндылықтар жүйесінің өзекті мәселелерін енгізе отырып, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының қалыпы және рефлексивтік ұстанған бағдары, жалпы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы нақты, жүзеге асырылатын әлеуметтік тәжірибесі, сонымен қатар өнердегі жасанды құрастыру тәжірибесі, яғни коллизей және ойдағы қиялдағы бейнелердің негізінде тұрғызып, құрастыру қызметтерін атқарады.

Бұдан шығатыны көркем мәдениетті ұйымдастыру қызметіне барынша, адамдардың өмір сүретін ортасына байланысты, эстетикалық жағынан ұйымдастыруды жобалау, өнермен қатар көркем мәдениеттің маңызды құндылықтарымен қаныққан, мазмұнды бейнелерді қосу қажет. Бұның бәрі көркем өнерді қоғам өмірінің әлеуметтік жағдайын реттеуге өз үлесін қосатын бірден-бір басты құралына айналдырады.

Заманауи өнер әлемді, яғни озық технологиялар қорымен, урбанизация, көпшілікке ортақ өмір сүру салтының әлеуметтік жағдайы ілгерілеп жатқан әлемді өзгертетін көркем бағдарлама ретінде қатысады.

Сонымен бірге өнер уақытқа тәуелділік пен оның сипатына байланысты, әлеуметтік конструкторлар мен өзгеруге әсерін тигізетін, өмірдегі тіршіліктің мәнін, тәртібін айырбастайтын үдеріс сияқты анықталады. Әлемді танудың плюральды процессі кезінде адамның шағармашылық мүмкіндіктерін ашуға бағытталған, заманауи өнер зиялы қауымның қатысуымен қарқынды түрде, әлем ұғымын түбегейлі өзгерту үшін, жаңа тәжірибелерді ұсына отырып, бір сарынды ойлайтын сананы оятады.

Өнер аумағында алғаш рет жаһандық өзара әрекеттерін қоғамда әлеуметтік белсенділікке кеңінен таралып кететін әдіс-тәсілдер қолданылмақ. Коммуникациялық қарым-қатынас өнердің үлгілеріне айналады, ал бұл үлгілер, өз кезеңінде, жаңа әлеуметтің, жаңа әлеуметтік қарым-қатынастың бастамасы мен үлгісі болады.

Өнер өзінің шыққан жаңа үлгісімен тек қана рефлексиялы (рефлексия - сананың өзіне назарын аударып, өзінің психикалық күйіне ой жүгіртуі) объект болып қана қоймай, сонымен бірге рефлексия орны мен үлгісі бола алады. Әлеуметтік өзара әрекеттесудің мәні мен нәтижесі, жалпы философиялық ұғымның басты себептері үшін, өнердің мағынасы өте зор. «Өзектілік» терминімен жиі көрсетілетін заманауи өнерді дәстүрлі емес, эксперименттік-жаңашыл сипатта мәдени критикалық күшті, маңызды потенциал иесі деп астын сызып көрсетуге болады. Қазіргі уақытта өнердің критикалық қызметі адамдармен қатар өмір сүріп, жүріс-тұрысы мен мінез құлқының жеке тұлға ретінде де, және топ ішінде де сәйкестілігін сақтап қалу мақсатында ізденіс үстінде. Суретшілердің шыдамдылық, әділ және мульти мәдени социум үшін күресте бірлескен қалыпта қарсы тұра білу рөлі ұлғаяуда.

Шындығында өнер, көркем өнердің басқа да жүйелерінде әр қашанда өз көрінісін табады. Адамзаттың өнермен дамып, алға қарай ұмтылу процесі «екі өлшемді кеңістікте», бірі әдіс ұғымымен көрсетілетін координат болса, ал басқасы стиль ұғымындағы пішінде көрсетілетін координат болып табылады.

Өнер – саналы өмірдің болмыстың, олармен бірге әлеуметтік және мәдениетті адамзаттың қатысуымен, мәдениет және салыстыру нысандарына қарсы тұра алатыны бірден бір шарты болып табылады.

Мәдениет – идеологиялық түсінікті, көпшілікке ортақ өмірдің бар болмысын жеңіл түсіну дәрежесімен анықталатын орта. Қорыта келгенде, мәдениет жалпы болмысқа жоғары дәрежеде ресми қарым-қатынаста болады. Егер, мәдениет ой пікірді ашып, оның бағытталған стереотипін жасаса, онда өнер, бұл ойды мәдениет түсінігіне ерекшеліктеріне тиым салады.

Өнердің мәні мен мақсаты, тек қана жеке адамның шығармашылық жұмыстарының шарықтау шыңы мен тереңдігі ғана емес, оның болмысты қайта жаңғыртып, қалпына келтіретін қайталанбайтын тәсілдерді ойлап табуында. Мәдениет жеке адамның сана-сезімі мен түсінігінің төмен дәрежесінде мүмкін жаңғыртуды жаттанды қайталанатын шығар. Ал мұндағы термин – көпшілікке ортақ мәдениет.

Заманауи өнер термині, жалпы қазіргі уақытта бар өнерге қатысты айтылады. «Заманауи» деп сынын білдіретін сөз, қандай да бір ішінара, ерекше немесе артықшылықтары басым өнер мектептері мен танымал суретшілер, өнертанушылар мен сыншыларды шақыртып, өнер тарихының баспалдақтары мен кезеңдерін анықтау үшін қолданылады. Заманауи өнер Модернизм кезеңінің немесе модерннің аяқталуынан соң, немесе 60 жылдардың соңынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта басталды деп есептеуге болады. Мүмкін, заманауи өнердің ең бір жарқын, нағыз аспектісі айқын анықталмағандығында шығар. 60 жылдарға дейін жасалған жұмыстарды кейбір мектептерге алып бару оңай болған шығар. 1970 және 1980 жылдардағы жұмыстардың арасынан Тұжырымдалған, Мәнерлі, Феминистік өнер, Поп арт, Граффити сызбаларын табуға болады. Дәл сондай қарапайым әлемде де, өнер әлемінде де жаһандану әсерінің күннен күнге артып бара жатқанын көреміз. Көптеген өнердің өзінің ішіндегі ерекшеліктері, өзгешеліктері мен шегі жоғалып кетті. Кейбір заманға сай бағыттар өзінің түп тамырын модернизмнен алса да, заманауи өнер мен модерн стилиндегі жасалған жұмыстарға араластырылмайды. Заманауи өнер қоршаған әлеммен жиі қиылсады; ол түрлі амал-тәсілдер мен материалдарды таңдауда шектелмеген. Ол дәстүрлі, мысалы, кескіндеме, сурет салу және мүсіндер сияқты, сонымен бірге дәстүрлі емес қалыпта – перформанс, инсталляция, видео және басқа да материалдарды қолдана алады. Заманауи өнер бөліп тұратын ескі элиталық өнер мен көпшілік қоғамдық пікірді, ақырындап мәдени кедергілер мен тосқауылдарды бұзып, біршама жаһанданып келе жатыр.

Заманауи авангард тұжырымдалған бағытымен тұрғызылған тамаша ғимараттарға қаралып, ғылыми қордың молдығы мен тиянақтылығын әрқашан тұжырымдалған өнердің авторлары мен зерттеушілері астын сызып көрсетеді.

Бізде осы ғылыми базамен танысып көрейік. Концептуалисттердің туындылары – бұл бөлек бір тұрмыс-тіршіліктен алынған сабақ, бұл сабақтардың қисынсыз байланысы, қандай да бір сөз тіркесімен бірге ертілген, мәтіндер, бланк немесе баспа беттер, анықтамалар, кестемен, графика, бөлек әріптер, сандармен берілген композициялар, бұл композициялар, қатынасқан кісінің акциясы, жөн-жосықсыз өндірілген, ақылға симайтын, ешқандай дәлелдеуге келмейтін әрекет. Барлық осы авангард суретшілерінің бар күшін салған шығармашылық жұмыстарын бейнелеу өнерінің туындыларын тамашалауға келген көрермендердің алдына шығарылып, қойылады. Әрине сөзсіз көрермендер ақылға симайтын, кейбір мән-мағынасынан айрылған осындай вернисажды көріп қабылдайды. Ең көп ақпараттың мөлшері күтпеген мәліметтерді қамтиды. Ал авангардтық композициялар мен акциялар біздің алдымызда мүлде қисынға келмейтін, мағынасыз, мүлдем күтілмеген ақпараттарды алып шағады, яғни олар көптеген ақпараттарды алып келуі тиіс. Концептуализмнің авторлары мен теорияшылары, көрерменнің олардың көп мағыналы туындыларын өздерінің дәрежесіне дейінгі жағдайда меңгеріп, өздеріне ақпараттарды қабылдай алмайтындығын айтып, бекітеді.

Өнердің мақсаты – ұғыну, зерттеп, оқып үйрену, адамның жанын жетілдіру процессінде түсіну және сақтау, мысалы, адам тарихындағы әр түрлі дәуірлердегі әр түрлі адамның болашағын дамытуы сияқты. Суретшінің міндеті – саналы түрде немесе іштей кейбір әрекеттерді немесе адам ойының дамып, жетілуін сезініп және соншалықты күшті бұл қозғалыстарды өзінің туындысында кез-келген адамның эмоциялық жай-күйін билеп алатындай етіп бейнелеп, өнердің нағыз, шынайы туындыларымен бетпе-бет келу. Өнер – алға қойылған мақсат пен адамның сәйкес келетін іс-әрекетінің бірден-бір формасы. Туынды - адам ойының жетілуі мен дамуы.

Шығармашылық туындылардың көп мөлшері мүлдем басқа мақсаттарды көздейді.

Бұл туындылар өнер туындыларына өте қатты ұқсайды, бірақ негізінде олардан айырмашылықтары бар. Ең бірінші біз туындылары кәсіби түрде жетілдірілген, бірақ адамның ой-өрісінің дамуы процесіне ешқандай да тиіспейтін тамаша талантты және шебер суретшілерді еске алуымыз қажет. Бұл туындылар адам өмірін безендіріп, талғамын жетілдіріп, нығайтатын, қолайлы болуын ұлғайтып, алдандырып, жұбататын, бос уақыттың орнын толтырады. Мұнда қолданбалы зергерлік өнерді, дизайнерлерді, жиһаз жасаушылар мен тағы да басқаларды жатқызуға болады. Концептуалды өнер толықтай ақылға симайтын туындыларымен, әрине заңды түрде және ақылға симайтын еуропалық мәдениеттің гуманизм мен либерализм жолындағы дамуымен көрсетіледі. Авангардтық өнер өзіне рухтандыратын процессті бұзу үшін өзіне жауапкершілікті көп алады. Рухсыз өнер қоғамға рухсыз биологиялық жұмыс, тек қана физиологиялық жайлылық беріп, сосын қызықсыз, жасап шығарушылар үшін пайдасыз болып қала береді. Мұндай туынды биологиялық жасандылық, қастық пен дұшпандық сияқты. Туынды осы қоғамдағы биологиялық жұмыстың, өзін-өзі төмен санап өмірде бір жамандыққа ұшырауына әкеліп соғады.

Негізінде «заманауи өнер» және «өнердің өзектілігі» түсінігінің арасында бірнеше тепе-теңдікті сақтайтын белгілері бар. Олар галереядағы өнер мен мұражайда бекітілген.

Заманауи өнер – мойындалмаған классикалық болып табылады.

Альтернативті өнер. «Граффити» термині классификация үшін, ереже, өнердің тиым салынған заңының бір түрі сияқты, композицияның сурет және жазбалар арқылы, қабырғаға жеке немесе топтық немесе басқа да үстіртін, визуалды қолайлы баспалармен байланысты, әр түрлі әрекеттердің талпыныстары аясында қолданылады. Граффити авторларымен кәсіби емес суретшілер жиі шығады. Тіпті Айда америкалық ғарышкерлер өздеріне естелік ретінде граффити түрінде ескерткіш қалдырды. Сондықтан өнердің формасы мен оның көзқарасынан білдіретіні ол икемді, цензурадан жалпылама еркін, бос. Граффитиді кәсіби және қоғамдық идеологияда айқын, нақты манифист деп қарастыруға болады, адамдардың визуалды ықпал ететін жоспарында өте эффективті. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе граффити мәдени ерекше, кездесетін кез келген қоғамдағы әр түрлі формасы болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Цена и ценности современного искусства // Социально-гуманитарные знания - М., 2004.
2. Инсталляция в современном искусстве - новая структура восприятия Пространство современного искусства: теория и практика. 2006.
3. Индивидуальное в искусстве и в профессии художника // Индивидуальные различия и проблемы индивидуальности. 4.2. М.: Уникум - Центр, 2004,.
4. Статус современного художника: социально-философский анализ. Серия Философия. 2003.
5. О роли современного искусства в формировании национальной идентичности // Диалог цивилизаций: история, современность и перспективы..2007

УДК 76.021

ГРАФИКА ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ОНЫҢ ДИЗАЙНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Рахимжанова Гульнур Балтабекқызы

miss.gulnur1983@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, өнер магистрі,
Астана, Қазақстан

Өнер - қоғамның ең маңызды және ең қызықты құбылыстарының бірі, адам қызметінің ажырамас бөлігі, жеке дара тұлғаның ғана емес, қоғам дамуында елеулі рөл ойнайтын бөлігі.